

Жекелеген республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1724

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні қызмет ғимараттарын пайдалануды жүзеге асыру және мемлекеттік органдарды жабдықтау функцияларын орындау болып белгіленсін.

3. Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін және олардың мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 27 желтоқсандағы

N 1724 қаулысына

қосымша

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шаруашылық басқармасы

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Шаруашылық б а с қ а р м а с ы

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ш а р у а ш ы л ы қ б а с қ а р м а с ы

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Ш а р у а ш ы л ы қ б а с қ а р м а с ы
5. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің
Ө н д і р і с т і к - п а й д а л а н у к ә с і п о р н ы
6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Шаруашылық басқармасы
7. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Тыл және
қ а м т а м а с ы з е т у қ ы з м е т і
8. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінің Ө н д і р і с т і к - п а й д а л а н у б і р л е с т і г і
9. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Қазақстан
Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттарының
д и р е к ц и я с ы
10. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының "Ұланы"
11. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Шаруашылық
б а с қ а р м а с ы
12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Шаруашылық
басқармасы